МКҚК «Аяулым» бөбекжай балабақшасы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 1

2021-2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңес Хаттама№1

26.08.2021ж **Қатысқандар саны:9**

Тақырыбы: «Балаларды жаңартылған бағдарламамен оқытып,тәрбилеу –тәрбиеші-педагогтардың басты

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу –қызметінің кестесін күн тәртібін бекіту туралы .Меңгеруші С.Әзімова.

2. «Сыни ойлау технологиясы»баяндама туралы. Тәрбиеші К.Махаева

3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптарын бекіту туралы . ӘдІскер Г.Ганиева

4. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бекахметова

5.Ішкі еңбек тәртібі туралы. Меңгеруші С.Әзімова .

6. Бақылау және басқару .Жедел бақылау. Меңгеруші С.Әзімова.

7. Ата-аналардың келісім шарттары туралы. Меңгеруші С.Әзімова.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Әзімова Суйсенкүл Досанқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2021-2022 жаңа оқу жылымен әріптестерді құттықтады. Алдағы оқу жылында жан-жақты ізденіп,үлкен жетістіктерге жетеді деген сенімдемін деді.

Балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз алды :- ҚР МДҰ-Да 2021-2022 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу туралы әдістемелік нұсқаулық бойынша Мемлекеттік стандарт бойынша өзгеріс бар. Бұрын базистік оқу жоспары деп берілсе,енді үлгілік оқу жоспары болып келді. 4 топ тәрбиешілері перспективалық жоспармен апталық циклограммалардың жоспарларын алдын ала,бір жылғы оқу жылына түзіп қоясыздар. Биылғы оқу жылында 58 өтпелі тақырыптар берілген . Әр айға бір өтпелі тақырып қоясыздар. Қазір мен сіздерге мына төмендегі тақырып тізімдерін ұсынамынн. Сіздер келіссеңіздер осы тақырыптарды меңгерушіге бекіттіріп аламыз .

1. «Балабақшада»

2. « Менің отбасым»

3. «Дені саудың жаны сау»

4 «Менің Қазақстаным»

5 «Табиғат әлемі»

6. «Бізді қоршаған әлем»

7. «Салттар мен фольклор»

8. «Біз еңбекқор баламыз»

9. «Жайдары жаз келді»

Білім беру процесінің негізгі міндеттері:

1. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау.

2. Коммуникативтілік ,креативтілік ,сыни ойлау,ынтымақтастық және командада жұмыс істей білуді меңгерту.

4. Балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

Сондай ақ,әдіскер МДҰ –ның үлгілік жоспарындағы әрбір топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің көлемі мен ұзақтығына және вариативтік компоненттердің қай топтарда өтілетіндігі мен апталық сағат саны туралы қысқаша айтып өтті.

2. Тыңдалды. Балабақша тәрбиешісі А.Амангалиева «Сыни ойлау технологиясы» атты баяндама оқыды.

-«Сыни ойлау технологиясын » қолдану-балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруден емес,өз сұрақтарывна жауап алуға мүмкіндік береді. Педагогтардың «сыни ойлау » технологиясының тиімділік әдістері мен тәсілдерін қалыптастырады.

Сыни ойлау дағдылары:

1.Затты қаситтері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша тбы.

2. Екі немесе одан артық нышандардың жалпы және түрлі белгілерін табу.

3. Ауызша сипаттаубойынша нысанамен жасауға мүмкін болатын әрекетті табу.

4.Бір затқа қолданылатын әрекетерді басқасына ауыстыру.

5.Шығармашылық әңгіме ,ертегі,жұмбақ құрастыру.Сыни ойлау технологиясын қолдану. Балаға тәрбиешінің сұрақтарына жауап алуға мүмкіндіктуады.

3.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз алды. Ол өз сөзінде-жылдағы дәстүр бойынша тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақрыптарын бектуіміз керек деді.

1. «Денсаулық» технологиясы-А.Шадиева

2. «Монтессори технологиясы »-А.Бекахметова.

3. «Ертегі терапиясы »- К.Махаева.

4. «Бүлдіршіндерді салауатты өмір салтына баулу» -Ә.Тәжібаева.

5. «Триз »технологиясы- А.Амангалиева

6. «Ойын » технологиясы А.Бекахметова.

7. «Денсаулық »технологиясы- А.Амангалиева.

4. Тыңдалды. Балабақша психологі Бекахметова Айжамал сөз сөйледі. Ол тәрбиешілер мен педагогтарға арналған «Менің көңіл күйім» атты психологиялық тренинг ұйымдстырды.

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде : - Құрметті әріптестер, әрбір мкеменің өзінің ішкі тәртіп ережелері мен лауазымдық міндеттерінің бекітілген ережелері болады. Ішкі тәртіпті бұзған қызметкерге тәртіптік шаралар қолданылады.Бұл туралыЕңбек Кодексінің 63,64,65,66-баптарында жазылған . Біздің балабақшаның ішкі тәртіп ережелері қандай? Таңертең сағ. 8 ден кешікпей келу. 18-19 да жұмыстан қайту. Түсте сағ. 13-14 де 1 сағаттүскі үзіліс ,яғни демлыс беріледі.

Басшының рұқсатынсыз балбақшаны тастап ,бабаларды тастап кетуге қатаң тыйым салынады. Сондай ақ с абақ жоспарын уақтылы жазып және уақтылы сабақ өты. Бекітілген күн тәртібі және басқа да балалармен атқарылатын жұмыстарды бұлжытпай орындау. Сонымен қатар балабақша мүлкін күтіп ұстау ,бөлмелерді таза ұстау –ішкі тәртіп ережелеріне жатады.

6.Тыңдалды. Балабқша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2021 жылы 26 тамыз күні Бақылау және басшылық бойынша «шолу » тексеру болып өткенін айтты. Тәрбиешілер, стандарт талабына сәйкес топтарда 5 білім саласы бойынша заттық-дамыту орталықтары

жаңажаңартылмаған, ағымдағы жөндеуден кейін шаршап қалдыңыздарма ма білмеймін, еш жаңалық көрмедім. Тек айгөлек тобында ғана фетра материалдан жасалған ойыншықтар бар екен. Жазғы сауықтыру жоспарлары барлық топта бар жазылған екен, түгел бәрін маған тапсырыңыздар. 2021-2022 жаңа оқу жылына тәрбиешілеріміз перспектива және циклограмма жоспарларын электрондық түрде жазып басшыға бекітуге ұсынсын. Перспективалық жоспарды аса ұқыптылықпен, жауапкершілікпен жан-жақты ізденіп жазыңыздар деді меңгеруші.

Сөйлегендер:К.Махаева : -Айша апайдың айтқан сөздеріне толық қосыламын. Әктеу, сырлау жұмыстарын жүргізіп, таяуда біттік. Енді құрал-жабдықтарды реттеуге кірісеміз.

7. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі: Балабақшаға жаңа келген балалардың құжаттарын: денсаулық паспорты, туу туралы куәлігі, ата-анасының растайтын құжаты, жолдама және ата-ананың балабақшамен келісім-шарт жасалған құжаттары, ¾ баланың фотосы болу керек.

Сөйлегендер:

Ә.Тәжібаева, тәрбиеші: - балалардың құжаттарын жинақтауды бастағанбыз. Ата-анамен келісім-шарттарын толтырып, қол қойдырып шығамыз.

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.

2. Әдіскер Г.Ганиеваның баяндамасы хатаммаға тігілсін.

3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітілсін.

4. Психолог А. Бекахметованың тренингі хаттамаға тігілсін.

5. Қызметкерлер арасында ішкі еңбек тәртібі қатаң сақталсын.

6. Балабақша тәрбиешілері заттық-дамыту орталықтарын толықтырылсын.

7. Балалардың құжаттары тез арада жинақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: С.Әзімова

Хатшы: Г.Ганиева

МКҚК «Аяулым» бөбекжай балабақшасы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 2

2021-2022 оқу жылы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2 Хаттама .19.11.2021ж

Қатысқандар саны-9

Мақсаты: « Әрбір бала жұлдыздай, жарқырауға көмек бер».

Кун тәртібінде :

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.Меңгеруші С.Әзімова.

2. Баяндама «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері»

Баяндама. Әдіскер Г.Ганиева.

3. Бақылау және басқару. «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану » Әдіскер Г.Ганиева. «Айгөлек » ортаңғы тобы.

4. Ашық іс-әрекеттерді талдау туралы. Меңгеруші С.Әзімова .

5..Психологиялық тренинг туралы . Психолог А. Бекахметова .

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушіс Сейсенкүл Досанқызы сөйледі.Ол өз сөзінде

өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.

–Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесі мен күн тәртібі бекітілді.

Әдіскер Г.Ганиева баяндамасы хаттамаға тігілді.

Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітілді. Психолог А. Бекахметова психо-тренингі хаттамаға тігілді. Қызметкерлерге ішкі еңбек тәртібі түсіндірілді. Тәрбиешілер заттық-кеңістік дамыту орталықтарын толықтырды.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері» атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер : Амангалиева Айгерім,тәрбиеші : - Маған әдіскер Гүлжамал ханымның жасаған баяндамасы ұнады.Салауатты өмір салтын ұстану-бүкіл халықтың алдындағы мақсат-міндеті.Біздер,тәрбиешілер де бала тәрбиелеу саласында жүргендіктен,салауатты өмір салтын үйретуіміз керек ,-деді

3. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Әзімова сейсенкүл апай 2021жылдың 18-қазан күні Бақылау және басқару бойынша «Айгөлек » ортаңғы тобында тақырыптық зерделеу жүргізді. Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану ». Мақсаты: Тәрбиеші таным саласы бойынша балаларға қызықты әрі маңыздылығы бар жаңа технологияларды дұрыс қолдана біледі ме?

Тәрбиеші : Амангалиева Айгерім. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында . «Үй құрастырамыз» тақырыбын алып ,балаларға түрлі құрастырғыш- леголардан геометриялық пішіндерді құрастырып алып ,содан кейін үйдің қабырғасын,шатырын,есік-терезесін құрастыруды үйретті. Балалар қызыға орындады. Келесі сәтте, Воскобович технологиясы бойынша тақтайшалардағы шегелерге резеңкені керу арқылы да түрлі геометриялық пішіндерден үйдің қабырғасын ,шатырын ,есіктерін жасауға болатынын үйретті. Балалар бұл әдіске де қызығушылық танытты. Жалпы алғанда ,тәрбиеші Амангалиева Айгерім балалармен жұмыс жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатты. Алайда,балалармен жұмыс барысында еңбекке,ұйымшылдыққа, отбасы құндылықтарына араналған көркем сөздер мен мақал-мәтелдерді де үйретуі қажет еді. Қазіргі стандартқа енгізілген ерекшелік-баланы жан-жақты дамыту,дағдыландыру . Қорыта келе,тәрбиешіге «жақсы » деген баға беріледі ,-деді меңгеруші.

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл апай сөйледі.Ол өз сөзінде 2021 жылдың 1қыркүйегінде «Балдырған» ортаңғы тобында «30-тамыз-Конституция күні және 1-қыркүйек –Білім күні « атты ашық іс-әрекет болып өтті. Тәрбиешілер:О.Жылқайдарова, К .Махаева.-Балалар мерекелік киім киген,ата-заңымыз бен білім күніне арналған тақпақтарын мәнерлеп айтты.Қыздар тобы «флешмоб » биін биледі.Балалар «Жау жаңбыр» әнін хормен орындады. Сондай –ақ «Әрқашан күн сөнбесін»әнін хормен айтты.

Жетістігі: Балалар хоры жақсы шықты.

Кемшілігі: Балалардың шығармашылық нөмірлері аз болды.

Ұсыныс:

Алдағы уақытта көрініс,рөлдік-желілік ойындарды қосу керек,- деді.

2021- жылдң 22 қазанда «Армысың,Алтын күз» атты балалардың қатысуымен ертеңгілік ұйымдастырылды. Тәрбиешілер-О.Жылқайдарова (Ересек тобы), Амангалиева Айгерім (Ортаңғы топ). Екі топтың да тәрбиешілері жақсы дайындалған. Күз мезгіліне арналған тақпақтарын бүлдіршіндер өте жақсы айтып шықты. «Жапырақтар» биін екі топтың да қыздары икемділікпен жақсы биледі.Ортаңғы топтың қыздар тобы« сары жапырақтар» биін жақсы биледі.Ересек тобының бүлдіршіні Досан Сара «Қырманға кел,қалқатай » әнін өте жақсы орындады .Қорыта келе, мерекені жақсы деңгейде ұйымдастырған тәрбиешілерге «жақсы» деген баға беріледі,деді меңгеруші.

6.Тыңдалды. Балабақша психологі Бекахметова Айжамал педагаготармен тренинг ұйымдастырды.

Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім» .

Сөйлегендер: Жылқайдарова Оразгүл: - Айжамал апайдың тренингі өзіме ұнады. Көңіл-күйім көтеріліп,жұмысыма деген құлшынысым артты. Көп рахмет.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2.Әдіскер.Г.Ганиева баяндамасы хаттамаға тігілсін.

4.Топ тәрбиешілерінің сөйлеуді дамыту бойынша көрнекіліктер көрмесіне «жақсы» деген баға берілсін.

5 «Балауса» және «Айгөлек» топтарының тәрбиешілері О.Жылқайдароваға, А. Амангалиеваға, «Білім күні» ашық көрсетілім ұйымдастырғаны үшін «жақсы» деген баға берілсін.

6.Тақырыптық бақылау қорытындысы бойынша тәрбиеші Амангалиева Айгерімге «жақсы» деген баға берілсін.

7 Психолог А.Бекахметованың ұйымдастырған психологиялық тренингі не «өте жақсы » деген баға берілсін және растайтын құжаттары хаттамаға тігілсін .

Кеңес төрайымы: С.Әзімова

Хатшы Г.Ганиева

МКҚК «Аяулым» бөбекжай балабақшасы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 3

2021-2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңес №3-хаттама

24.02.2022.ж.

Қатысқандар саны:9

Тақырыбы «Баланы шамадан тыс көп тапсырма беріп емес ,біліміне ,сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған тапсырмалар арқылы дамыту.

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші С.әзімова.

2. «Балалардың денсаулығын қалыптастыруға арналған салауатты өмір салтының маңыздылығын педагогтарға насихаттау »туралы баяндама. (Медбике Н.Абдразахова)

3.Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістер(пікір алмасу)туралы. Әдіскер Г.Ганиева.

4.Тәрбиешілерді аттестаттау туралы.Әдіскер Г.Ганиева

5.Ашық оқу іс-әрекеттерін талдау ,талқылау туралы. . Меңгеруші С.Әзімова.

6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бекахметова.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды. Жас маман тәрбиеші А.Амангалиева тәлімгер болып тәрбиеші О.Жылқайдарова бекітілді.Әдіскер Г.Ганиеваның баяндамасы хаттамаға тігілді.

2. Тыңдалды. Балабақша медбикесі Н.Абдразахова «Балалардың денсаулығын қалыптастыруға арналған салауатты өмір салтының маңыздылығын педагогтарға насихаттау »туралы баяндама жасады.Ол өз баяндамасында бүкіл адамзаттың ең басты міндеті- салауатты өмір салтын,өз денсалықтарын күту ,ұзақ өмір сүру.Сондықтан, әрбір баланың физиологиялық дамуын басты мақсат етіп күн тәртібін тиімді түзу керек деді. Күнделікті күн тәртібі мен таңертең ерте тұрып ,таңғы жаттығу жасау,жылы,салқын сумен жуыну,сондай- ақ сүтті тағамдар

,физикалық еңбек,,жеміс –жидектер тамақ рационында күнделікті болу керек . Әрбір баланың жас ерекшелігіне қарай, бойлары мен салмақ өлшемдерінің нормативі бар.Осы өлшемшартты 6 ай сайын өлшекп тұрамыз. Ата-аналарымен кеңесіп,үй жағдайларында да күн тәртібін бұлжытпай орындауға кеңес беріпотырамын. Әр топта 2 ай сайын дене бұлшық еттерін ,аяқ қол ,ұсақ моторикасын дамыту мақсатында денсаулық мерекелері мен денешынықтыру ,спортық сайыстар ұйымдастырылады.денешынықтыру ,спортық сайыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар,балаларды Авитаминоздан сақтандырубойынша күнделікті дастарханда жемістер мен көкөністер көптеп болу кере

Сөйлегендер:

К.Махаева тәрбиеші: -Маған мед.биекенің жасаған баяндамасы ұнады. Расында тәні сау бала – дені сау болып өседі.Әсіресе ,Күн режимін бұзбай ,үнемі денелерін шынықтырып отырсақ ,балаға бос уақытында түрлі ойындар ұйымдастырсақ, онда бала міндетті түрде тұрақты режимге үйренері сөсз.Мен баяндама жақсы жасалған деп айта аламын.

3 Тыңдалды. Балабақша әдісері Г.Ганиева тәрбиешілермен «балаларды бейнелеуге үйретудегі қолданылатын әдістер » туралы пікір алмасуға сұхбат ұйымдастырды. Барлық тәрбиешілер ТРИЗ

технологиясына тоқталды. Мысалы,Сүндетова Клара ақ қағаз бетіне желім жағып шығып,манка жармасын сеуіп, қыс мезгілін бейнелеуге болады деді. Ал Амангалиева Айгерім «эстамп » әдісін, «жіпті бояуға батыру», «қаламсап түтікшесін бояуға батырып,қағаз бетіне шашыратып бүрку» әдістерін айтып,жақсы мағлумат берді.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз өйледі. Ол өз сөзінде : жақында тест орталық ашылады. Соған санаты жоқ тәрбиешілер дайындықпен қатыссын .және педагог партфолиосы да болу керек деді.

5.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2022 –жылдың қаңтар айында барлық топтарға ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері жоспарланған еді.

2022жылдың 22-ақпан күні «Балапан» кіші тобында «Шалқан» атты ашық ұоқ болып өтті.Тәрбиеші—К.Махаева..

Ойын бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген. Қуыршақ театры макетін пайдаланған.

Дүкен сөрелерінде түрлі тұтынушы заттар мен ойыншықтар топтастырылған.Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып,жылулық шеңберін орындатты. «Шалқан ертегісін тыңдағыларың келеді ме» деп сұрады. Сауықтыруға арналған түйме іздерімен жүргізді. Ертегі залына алып келіп қуыршақ театрын тамашалатты. Тәрбиешілер шалқан ертегісіндегі кейіпкерлерді сомдап шықты.. Топқа келген соң серуенді қорытындылап ,балаларрды мақтап,мадақтады.

Жетістігі ертегілердің кейіпкерлерін безендіру,сапасы жақсы.

Кемшілігі: Балалармен тілдік-сөздік жұмыс орындаған жоқ. тақпақтар,ән айтқызу керек еді.

Қорыта келе безендіруіне -4,оқу қызметіне-3(орта) деген баға берілсін. Тәрбиешіге әдістемелік көмек көрсетілді.

-2022-жылдың 23- ақпан күні «Айгөлек » ортаңғы тобында «Таным», «Жаратылыстану» білім саласы бойынша «Орман жануарларының қысқы тірішілігі» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Тәрбиеші-А.Амангалиева. Тәрбиеші балаларға жылулық шеңбер жасатты. Диапроектр арқылы орман жануарларының суреттері мен қыс мезгілін үйлестіре отырып слайд көрсетті.Әр жануар мен аңдарды көрсетпес бұрын топқа сиқыршы келіп кірді. Тәрбиеші: Сиқыршы ормандағы барлық аңдарды сандыққа салып сиқырлап тастапты. Олардың бәрін босату үшін сиқыршының берген тапсырмаларын орындаймыз,-деп балаларға тапсырмалар бере бастады. 1-тапсырма –жұмбақ жасыру,2-тапсырма-тақпақ айту.3-тапсырма – шығармашылық орталыққа барып сурет салу. Бұл жерде балалардың қызығушылығын мақсат еткен тәрбиеші ТРИЗ,СТЭП-БАЙ-СТЭП технологиялары бойынша әдіс-тәсілдер қолданды.Келесі сәтте құрылымдалған ойын «Кім немен қоректенеді», 1-топ-мамық жүнді қоянды ақ матамен жапсыру,2-тапсырма ,қасқырдың суретін бояуды түтікшемен үрлеу арқылы салу. 3-тапсырма—кіріпінің инелерін пластмасс шанышқылармен шаншу арқылы кірпінің бейнесін жасау.

Жетістігі: АКТ қолданды,сурет салу брысында жаңа технологиялар қолданды.

Ұсыныс: көркем әдебиет бөлімінде «мнемотехника әдісін » қолданғанда қызықты болар еді.

Қорыта келе, тәрбиеші А.Амангалиеваға жақсы деген баға берілсін.

2022 жылдың 24-ақпанда «Балауса » ересектер тобында «Су асты тіршілігі» атты ҰОҚ болып өтті. Тәрбиеші: О.Жылқайдарова. Білім саласы-Қатынас , Шығармашылық,Білім қызметтері: Көркем әдебиет,Сурет салу.Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып,шаттық шеңберін жасатты. Балаларды су асты әлемімен таныстырды. Келесі сәтте, «Шұбар тауық » ертегісін оқып берді. Тосын сәтте топқа алтын балық келіп су асты әлемімен АКТ арқылы таныстырды. Топқа қайтып келіп шығармашылық орталыққа барып,стэп-бай стэп технологиясы бойынша балаларды 3 топқа бөліп шығармашылық жұмыстар жасатты. Дидактикалық ойын –балаларға «картинаға қарап сөйлем құрау» әдісін үйретті. Қорыта келе, тәрбиеші А.Шадиеваға өте жақсы деген баға беріледі.

2022-жылдың 22-ақпан күні «Балдырған» ересек тобында «Веселые игрушки» атты ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Орыс тілі пән мұғалімі –Ләззат Омаршаева

Педагог сабағын «Круг путешествия» дан бастады. –Здраствуй солнце золотое ,Здраствуй небо голубое . Здраствуйте мои друзья,очень рад вас видеть я. –Дети к нам в гости пришла Маша ,деп мотивациялық әрекет орындады. –Маша ,сколько тут у нас игрушек? –Много.-Какие игрушки вы видите? –Барабан,мячь, мишка,велосипед,зайчик,собачка,деп балалар жауап берді. – Ребята,давайте расскажем стишки про игрушек? Балалар: Аяла,Мирас,Айзере ,Ерсултан,орыс тілінде тақпақтар айты «Раз,два ,три ,четыре ,пять» деген орысша санамақ айтты. Үлкен – большой,кішкентай- маленький деп қазақша -орысша жауап берді. Келесі сәтте «Словарная работа » сөздік жұмыс жүргізді. Сабақты қорытындылап балаларды мақтап,мадақтады.

Жетістігі: Ойыншықтар мен көрнекіліктер көп. АКТ қолданды.

Кемшілігі: Балалар түстерді орыс тілінде айта алмады. Орысша сөздер анық емес.

Қорытындылыай кел педагог Л.Омаршаеваға 4(жақсы) деген баға беріледі деді..

6.Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бекахметова педагог –тәрбиешілерге арнап психо-тренинг ұйымдастырды . Әрбір тәрбиеші
ортаға шығып,берілген тапсырма бойынша қысқаша ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарын түзіп ,қандай технологиямен өтетінін ,қандай әдіс-тәсілдер қолданатынын түсіндірді. Тәрбиешіліер тақырыптарын алып болған соң, 5 минут дайындалып,өз кезегімен жоспарларымен таныстырып,сабақ барысын түсіндіре бастады.

Сөйлегендер:

Тәжібаева Әлия ,тәрбиеші : -Маған бүгінгі ұйымдастырылған «Іскер ойын» ұнады. Әлі де болса білгеніміздің білмегеніміз көп дкеп ойлаймын.Келесі жолы әрбір іскер ойынға белсене қатысатын боламын.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Медбике Н.Абдразахова жасаған баяндамасы хаттамаға тігілсін.

4.Пікір алмасу өткізген әдіскер Г.Ганиеваға жақсы деген баға берілсін.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне: 1) Тәрбиеші О.Жылқайдароваға өте жақсы деген баға берілсін.

2) Тәрбиеші К.Махаеваға 4(жақсы) деген баға берілсін.

4) Орыс тілі пәні мұғалімі Л.Омаршаеваға 4(жақсы) деген баға берілсін.

5) Тәрбиеші А.Амангалиеваға 4(жақсы) деген баға берілсін.

6. Психо -тренинг өткізген психолог А.Бекахметоваға 4(жақсы) деген баға берілсін.

Кеңес төрайымы , бб меңгерушісі: С.Әзімова.

Хатшы: Г.Ганиева

МКҚК «Аяулым» бөбекжай балабақшасы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 4

2021-2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңес Хаттама №4

10.03.2022 Қатысқандар саны: 9

Тақырыбы: «**Педагогтарға жаңартылған мазмұнда жұмыс атқару –заман талабы**».

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.Меңгеруші С.Әзімова

2. Презентация. «Стэп –бай –стэп технологиясы». Әдіскер Г.Ганиева

3.Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау. Меңгеруші С.Әзімова

4 . Бақылау және басқару. «Топтардың пәндік-дамыту ортасының сапасы қандай?»Меңгеруші С.Әзімова

5. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бекахметова.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталып өтті .Медбике Н.Абдразахованың жасаған баяндамасы хаттамаға тіркелді. Тәрбиешілер : А.Амангалиева , О.Жылқайдарова , және К.Махаева аттестациядан өтуге тест.орталық арқылы өтініштерін берді. Қазір дайындық үстінде. Психолог А.Бекахметова тренингі хаттмаға қоса тіркелді.

Сөйлегендер :

Тәжібаева Алия,тәрбиеші: -Құрметті әріптестер 2019 ж 27 –желтоқсанда «Педагогтар мәртебесі» заңы қабылданғалы бері өте жақсы үдеріс келген екен ,яғни әркімнің біліміне қарай ,және еңбегіне қарай еңбек ақымызға қосымша ақы төленеді,егер де сынақ тан өтіп келсек.Сондықтан дайындалайық,оқиық ,ізденейік.Мен үшін бұл өте қолайлы,маңызды. Біліміңіз артып,бүлдірішіндерды оқытып тәрбиелеуде әрқашан ізденісте болып,кәсіби шеберлігімізді арттыра берейік.

2. Тыңдалды .Балабақша әдіскері Гүлжамал Ғаниева сөз алды.: -Құрметті әріптестер,мен бүгін сіздерге жаңа ,бірақ көптен бері қолданыста жүрген технологиямен сіздерді жан-жақты таныстырып,өз тәжірибеммен бөліскім келеді.-Бұл технология «стэп-бай- степ» ,яғни қадам сайын қадам бас . Бұл технология барлық топ тәрбиешілеріне өте қолайлы. Мұнда да Монтессори технологиясы секілді баланың еркін ойлауына бағытталған і оқу қызметтерін түрлі орталықтарға бөліп өтуге болады. Мысалы, баланың жеке қызығушылығына байланысты шығармашылық,географиялық, құрылыс және тағы сол секілді орталықтардан тұрады. ,. Бір ерекшелігі балалар ұжым болып еңбек ету арқасында бір- біріне көмектеседі, бірі -біріне деген мейірімдері арта түседі. . Жақында стэп- бай- стэп технологиясы бойынша «Сиқыршы мен қанқыз» атты ұйымдастырылған оқу қызмтін өттім.Қазір сіздерді видеосын көруге шақырамын.

Сөйлегендер:

Оразгүл Жылқайдарова ,тәрбиеші:-Құрметті әріптестер ,маған ашық сабақ өте ұнады. Шынында балалар бір біріне көмектесіп жатыр,бәріне ұнап жатыр ,ең бастысы бәрі қызығып еңбек етіп ,тапсырмаларды қызыға орындап жатыр . Алдағы уақытта да баланың дамуына арналған осындай әдіс –тәсілдер мен ашық сабақтарды көптеп өте берейік ең бастысы деніміз сау болсын,балалар аман болсын.Мөлдір апайға рақмет.

3. Тыңдалды.Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде :-Құрметті әріптестер, 2022жылдың 11-ақпан күні «Балапан » кіші тобында «Шынықсаң,шымыр боларсың» атты спортық сйыс болып өтті. Ұйымдастырған тәрбиеші -Махаева Кенжегүл апай. Мақсаты: балаларды ептілікке ,шапшаңдыққа ,икемділіке баулу. Тәрбиші балларға бірдей форма кигізген . Алдымен денені ширату жаттыгуын жасатты. Балаларды екі командаға бөліп,сәбіздерді себетке салу,алмаларды қорапқа жинау,арқан тарту.,допты бір- біріне домалату секілді тапсырмаларды орындатты. Сайыс соңында балаларға қатысқандары үшін деп бір-бір бананнан берді.

Кемшілігі: балалар өте баяу қимылдады. Тәрбиеші өзі жылдамдықты көрсетіп беру керек еді.

Жетістігі: Көрнекіліктері өте сапалы,мол етіп жасалған екен. Жалпы тәрбиеші мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді бітіргені көрініп тұр, балаларды өзіне .үнемі баурап алып,мақтап,мадақтап отырды. Тәрбиешіге жақсы деген баға беріледі деді Меңгеруші.

4. Тыңдалды .Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2022-жылдың 01.наурыз күні балабақша бойынша Бақылау және басқару жүргіздім .Тақырыбы:-топтардағы пәндік –дамыту ортасының сапасы қандай деңгейде? Барлық топта қатынас саласына арналған құрал-жабдықтар өте көп. Ертегілерге арналған макеттер жеткілікті. Сенсорика ,математика бойынша құрал жабдықтар бар. Бірақ спорттық,денешынықтыру бойынша материалдар өте аз. Сондықтан ,осы денсаулық саласына қатты көңіл бөліңіздер.қолдан жасайтындарын жасап сатып алатын заттарды сатып алайық . Ең керегі бізге балалардың қолдарында спорттық құрал –жабдықтар болу керек. Табиғат бұрышы толық жабдықталмаған . Әскери-патриоттық бұрыштар атымен жоқ. Жолда жүру ережелеріне арналған бұрыштар жасалмаған. Сондай ақ еңбек бұрышына арналған құрал-жабдықтар жоқ. Сонымен қатар ,сюжеттік –рөлдік ойындарға ,мысалы , «Дәрігер», «Дәріхана», «Дүкенші», «Шаштараз», «Пошта», «Мектеп », «Асхана» және тағы басқа рөлдік ойын ойнатуға арналған атрибуттар мен көрнекіліктер өте аз. Қорытындылай келе, құрметті әріптестер , күн сайын бір көрнекілік жасай берсеңіздер бір айдың ішінде, көптеген қыруар құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер пайда болып қалады.

Сөйлегендер :

Тәжібаева Алия,тәрбиеші: -Сейсенкүл Досанқызы өте дұрыс айттыңыз. Ия шынымен де көрнекіліктер дің сапасы сын көтермейді. Уақыт өте береді . Аттестация уақыты лезде келіп қалады. Біз әрқашан да келген сынға дайын болуымыз керек. Сондықтан жұмыла көтерген жүк жеңіл деген . Жасап қоямыз деп үәде береміз.

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бекахметова педагогтармен «Достықты қадірлейік » атты психологиялық тренинг өткізді.

Сөйлегендер :

Амангалиева Айгерім,тәрбиеші: Маған тренинг өте қатты ұнады Көңіл –күйіміз көтріліп қалды. Айжамал апаға көп рахмет.

ШЕШІМ:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Әдіскер Г.Ганиеваның презентация сабағы хаттамаға тіркелсін және жақсы деген баға берілсін.

3 «Балбөбек » кіші топта ашық ұоқ ұйымдастырған тәрбиеші Ә.Тәжібаеваға жақс деген баға берілісін.

4. Бақылау және Басқарудың тақырыптық тексеру бойынша пәндік –заттық дамыту орталықтарының көрнекіліктері бір ай мерзімде толықтырылсын.

5. Психолог А.Бекахметоваға жақсы деген баға берілсін.

Кеңес төрайымы : С.әзімова

Хатшы: Г.Ганиева

МКҚК «Аяулым» бөбекжай балабақшасы

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 5

2021-2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 5

26.05.2022.ж

Қатысқандар саны -9

Тақырыбы: «Дені сау ұрпақ –болашақ ұлт кепілі.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші С.Әзімова

2. Тәрбишілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі туралы. Әдіскер Г.ганиева

3. Жазғы мерзімнің жұмыс жоспарын бекіту туралы. Меңгеруші С.Әзімова

4. Балалардың қорытынды мониторингі туралы .Г.Ганиева

5. Ашық оқу қызметтерін талдау туралы. Меңгеруші .С.Әзімова

6.Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бекахметова

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл апай сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды. Әдіскер Г.Ганиеваның «Стэп-бай стэп » технологиясына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің дискісі хаттамаға тіркелді. Меңгерушінің бақылау және басқару дың анықтамасы бойынша барлық топтарда пәндік –заттық дамыту орталықтары 5 білім саласының көрнекіліктері жасалды,толықтырылды.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз алды. Ол өз сөзінде 2021-2022 оқу жылында біздің педагогикалық ұжым ай сайын жылдық жоспармен бекітілген іс-шараларды ұйымдастырып отырды деді. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл апай да әр хаттамада талдау жүргізіп отырды . Бірақ кейбір тәрбиешілер өздеріне жүктелген шығармашылық жұмыстарын белгілі немесе белгісіз себептермен ұйымдастыра алмай қалды. Қазір мен кім орындады,кім орындай алмады ,бірін айтатып шығамын

1.Тәрбиеші ,: - «ТРИЗ технологиясы»-тапсырды.

2.Тәрбиеші ,Амангалиева Айгерім: «Денсаулық технологиясы »- тапсырды.

3.Тәрбиеші , О.Жылқайдарова : «Ойын технологиясы»-тапсырды.

4.Тәрбиеші, Тәжібаева Әлия : «Құм терапиясы »-тапсырды.-тапсырды

5.Тәрбиеші : Махаева Кенжегүл - «Стэп –бай- стэп» технологиясы. тапсырды

6. Музыка жетекшісі, Спанбетова Жанат :- «Қазақ ұлттық ойындары» тапсырмады

7.Педогог –психолог Бекахметова Айжамал: «Воскобович » әдісі тапсырмады.

8.Меңгеруші Әзімова Сейсенкүл : «Балабақшадағы салауатты өмір » тапсырды

9.Әдіскер Ганиева гүлжамал : «Кюзенер таяқшалары» тапсырмады

10. Тәрбиеші: Жылқайдарова Оразгүл -«Ертегі терапиясы». Тапсырмады.

11. Орыс тілі мұғалімі : Омаршаева Ләззат - «Монтессори технологиясы» тапсырмады.

Сөйлегендер:

С.Әзімова ,меңгеруші : - Құрметті әріптестер ,шығармашылық жұмыстарыңызды тапсырмағандарыңыз ертерек тапсырыңыздар .Мерзімі: 1 апта. Тапсырмасаңыздар түсініктеме жазасыздар деді меңгеруші.

3. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі .Ол өз сөзінде 2021-2022 оқу жылы аяқталып ,енді балабақша мен балаларды жаз мерзіміне дайындау керекпіз. Ойын алаңдарын әктеп,сырлап,ойын ойнайтын көрнекіліктерді жасау. Тәрбиешілер балалардың ата аналарына жаздық киімдер ,аусымдық киімдер ,жаздық бас киімдерді кигізіп жіберіп отрыуы керек. Жазғы іс-шаралардың сабақ кестелері мен жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бірлесе отырып түзіп, мағаң бекітуге құжаттарыңызды алып келіңіздер деді. Әрбір топтың сабақ кестесі ,перспективалық жоспары мен апталық циклограммалары түгел жоспарланып бекітуге акелесіздер Мерзімі.- 1 апта. Сондай ақ 3 ай барысында бір реттен ашық оқу қызметін ұйымдастырасыздар деді меңгеруші. Сонымен қатар ересек тобында «Балақайлар мектебі » бағдарламасының сабақ кестесі мен перспектива,циклогра ммасы бөлек түзілітіндігі жайлы ескертемін деді меңгеруші.

4.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Ганиева Гүлжамал сөз алды. Ол өз сөзінде Балабақшада үш мерзімді мониторинг тапсыру үрдісі жолға қойылған. Бастапқы,аралық.,қорытынды. 2021—2022 оқу жылында 1-деңгейлі балалар-8,3 пайызды құрады. 2-деңгейлі балалар 74,1 пайызды құрады. 3-деңгейлі балалар 17.6 пайызды құрады. Жалпы балалардың даму деңгейі осылай болды. 1-деңгейлі және 2-деңгейлі балалармен көбірек жұмыс жүргізу керек. Тәрбиешілерге алдағы оқу жылында балалармен жан-жақты жұмыс жүргізіңіздер дегім келеді.

5. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2022-жылдың сәуір айында бірнеше ашық оқу қызметері болып өтті.

2022 жылы 11 сәуір күні «Айгөлек » ортаңғы тобында «Эмоция әлемі » атты балаларға арналған тренинг өтті. Ұйымдастырған –Психолог А.Бекахметва . Мақсаты: балаларды әр түрлі смайликтер арқылы эмоция түрлермен танысытыру. Эмоцияларды ажырата білуге баулу. Түрлі қызықты ойындар ойнатты ,қиылған сурттерді құрастырды,жәндіктер мен жанарлрдың бейнесінің суретін салғызды. Психолог А.Бекахметоваға жақсы деген баға беріледі.

2022-жылдың 13- сәуір күні «Балдырған» ересектер тобында «Сиқыршы мен қанқыз » атты ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.Тәрбиеші –Жылқайдарова Оразгүл . Мақсаты.-балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Балалардың логикалық қабілетрін дамыту,пішіндерді ажырата білуге ,сурет салу техникасын үйренуге баулу. Тәрбиеші оқу қызметін Акт бойынща проектрдан жандіктер туралы суреттер көруден бастады. Келесі сәтте тосын сәт. Топқа сиқыршы кіріп келді. Ол балаларға сиқыр көрсетті және қанқыз қоңыздарын тасқа айналдырып жібергенін айтты. Сиқыршы 3 тапсырма орындасаңдар тасқа айналдырған қанқызына жан бітіремін деді.

1-тапсырма-математикалық орталық .Мүнда балалар сандар нешеу болса ,сонша түтікшелерды санап орналастырды.

2-тапсырма .Бұлттар артында пішіндер жасырылған .Балалар қандай пішіндер екенін дұрыс айтты.

3-тапсырма-Алдарында жатқан ,алдын ала қызыл түске боялған тастардың бетіне қоңыздың көзі мен мұртын ,көйлегінің үш нүктесін қара түспен бояу керек деген тапсырманы да өте жақсы

орындады.Келесі сәтте балаларға «Не қайда тұрады?»деген дидактикалық ойын ұсынылды. Ара-балға қонады ,көбелек- гүлге қонады, қоңыздар –гүлге,сабағына қонады деп балалар бұл жолы да дұрыс жауап беріп қызыға ойнады. Тәрбиеші дәстүрден тыс сурет салу әдісін,Триз технологиясын қоданды. Тәрбиешіге жақсы дген баға беріледі.

2022-жылдың 26- сәуірде «Балдырған » ересек тобында «Сенімді дос-бағдаршам » атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.Мақсаты-балаларға өздерін қоршаған ортасында болып жатқан құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту.Бағдаршам мен көліктер туралы кеңінен мағлұмат беріп балаларды қауіпсіздік шараларын үнемі бұлжытпай орындауға пысықтау. Тәрбиеші Тәжібаева Әлия . Балаларға шаттық шеңберін жасатты. Бағдаршам макетін ортаға қойып балаларға рөлдерді қолдарына алып жолда жүру ережелерін ойнатты. Әр балаға бір-бір тақтайшадан беріп , воскобович әдісі бойынша көліктерді резеңке арқылы төртбұрыш,дөңгелек жасатты. Көліктер мен бағдаршам туралы тақпақтар айтқызды. Тәрбиеші Тәжібаева Алияға жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші.

Сөйлегендер:

Баубекова Алмагүл,тәрбиеші: -Бүгінгі Айша апайдың ашық сабақтарды егжей- тегжейлі талдағанына риза болып отырмын. Айша апай,біздің сізден үйренеріміз алі өте көп,әдіс-тәсілдеріңізді бізбен бөлісіп,ақыл-кеңестеріңізді беріп, деніңіз сау боп жүре беріңз .

6. Тыңдалды .Балабақша психологі Бекахметова Айжамал сөз сөйледі. Ол өз сөзінде педагог тәрбиешілермен «Менің көңіл күйім » атты психологиялық тренинг өткізд

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын бір апта мерзімінде меңгерушіге тапсырсын.

3.2021-2022 оқу жылындағы жазғы-сауықтыру шараларының жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері бекітілсін.

4. Балалардың үш мерзімдегі мониторинг қорытынды бағаларын тәрбиешілер зерделеп, жаңа оқу жылында төмен деңгейдегі балалармен көбірек жұмыстар жүргізсін.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен тәрбиеші –педагог А.Тәжібаеваға , жақсы деген баға берілсін.

6. Психолог А.Бекахметоваға тренинг ұйымдастырғаны үшін жақсы деген баға берілсін.

Кеңес төрайымы –С.Әзімова

Хатшы Г.Ганиева